

I. Тақырыбы:



Зат есім.

300 – 303 жаттығу



II. Сабақтың мақсаты

Білімділік:

Зат есім ұғымы туралы білімдерің толықтыру, тиянақтау



Дамытушылық:

- Оқушының ойлау қабілетін, тілін дамыту, өз бетінше жұмыс жасауға баулу



Тәрбиелік:

Ұйымшылдыққа, достыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.



III. Сабақтың түрі:

Сайыс сабақ



IV. Сабақтың әдісі:

Ой қозғау, сұрақ – жауап, өзіндік жұмыс, сынау сұрақтары, терминдермен болжау, топтастыру, сиқырлы таяқша



V. Сабақтың формасы:

Топтық



УІ. Сабақтың бөлімде

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу,
түгелдеу, топ
басшыларын
сайлау.




2. Үй тапсырмасын сұрау:

- Ереже
- Сұрақ - жауап




Үй тапсырмасын бекіту:


Кім? Не? деген сұрақ қандай сөздерге беріледі?



Заттың қимылын білдіретін сөзге қандай сұрақ қойылады?



Сөз құрамы нешеге бөлінеді? Қандай?



Заттың санын білдіретін сөздерге қандай сұрақ қойылады? Мысал келтір

Заттың сынын білдіретін сөздерге қандай сұрақ қойылады?

УІІ. Сабақтың барысы

1. Қызығушылықты ояту.


КӨЗ



Гүл



ЖЫЛҚЫ



Тауық

2. Ой қозғау.

- Балалар, осы сөздерге қандай сұрақ қоямыз ?
- - Не ?
- - Осы заттардың көпше түріне қандай сұрақ береміз
- - Нелер ?
- - Ал, осы затты пайдаланатын адамдарға қандай сұрақ қоямыз ?
- - Кім ? (Кімдер ?)
- - Олай болса, өткенді еске түсірейік.
- Кім ? не? - деген сұрақтар қандай сөздерге қатысты қойылатын еді?
- Ендеше, осы ержеге сүйене отырып «Заттың атын білдіретін сөздерді зат есім деп атаймыз» деген жаңа ережемен танысамыз. Сонымен бүгінгі өтілетін жаңа сабағымыздың тақырыбы «Зат есім»
- Оның сұрақтары : Кім ? Кімдер ? Не ? Нелер ?

301 – жаттығу. Сөз жұмбақ




З



А

Т




Е

С

І

М



302 – жаттығу (Топтық тапсырма)

**Бейбітшілік, бөбек, әже, ата,
көбелек, дән, қозы, әнші, ақын,
мұз.**

1 – 2 топ : Кім? сұрағына жауап беретін
сөздерді жаз.

3 – 4 топ : Не ? сұрағына жауап беретін
сөздерді жаз.

***Топ басшылар сайысы:
Сөзге сөйлем құрау***

Оқулықтан тыс тапсырма

Сурет бойынша зат есімді табу, көпше түрге айналдыру.



Зат есімді тауып жа

Тәтті

Ақылды

Қызық

Ала.....

УІІІ. Бекіту:

Сынау сұрақтары:

1. Зат есім дегеніміз не ?

- а) Заттың сынын білдіретін сөздер
- ә) Заттың санын білдіретін сөздер
- б) Заттың атын білдіретін сөздер
- в) Заттың қимылын білдіретін сөздер.

2. Зат есімнің сұрақтары

- А) Кім ? Не ? Кімдер ? Нелер?
- ә) Не істеді ?
- б) Қандай ?
- в) Қанша ?

3. Зат есімді тап

- А) Үлкен, көк, тәтті
- ә) Алма, ата, кітап
- б) Ұшады, өседі, кесе

4. Сөздерді көпше түрге айналдырып жаз

Сиыр, кітап

IX. Үйге тапсырма:

1. 303 – жаттығу (суреттегі заттарды атын жаз, сұрақ қой).

Ұста туралы әңгіме құра)

2. Ереже жаттау.

